

## АНДАТПА

Дипломдық жобаның объектісі – Қазақстанда жерді бағалау, нарықтық құны.

Берілген дипломдық жұмыстың мақсаты – Алматы облысының жер телімдерінің нарықтық бағасын анықтау.

Дипломдық жұмыста қарастырылған: жер телімдерінің құнын анықтаудың теориялық негіздері; Алматы облысының жер телімдерінің және бағалау объектілерінің сипаттамалары; бағалау объектілерінің кадастрлық бағасын анықтау және жерді бағалау бойынша тәжірибелік сұрақтар; есептеулер жүргізілді, сонымен қатар қорытынды есептеулер үшін кестелер құрылды.

## АННОТАЦИЯ

Объектом выполнения дипломной работы является оценка земли, рыночная стоимость в Казахстане.

Целью данной дипломной работы является определение рыночной стоимости земельных участков Алматинской области.

В данной дипломной работе рассмотрены: теоритические основы определения стоимости земельных участков; характеристика земельных участков Алматинской области и объектов оценки; определение кадастровой стоимости объектов оценки и практические вопросы по оценке земли, произведены расчеты, а также составлены таблицы для заключительных расчетов.

## **ANNOTATION**

The object of the thesis is the assessment of land, market value in Kazakhstan.

The purpose of this thesis is to determine the value of land plots in the Almaty region.

In this thesis, the following are considered: theoretical foundation for determining the value of land; characteristics of land plots of the Almaty region and objects of assessment; determination of the cadastral value of object and practical issues of land valuation, calculations made, as well as compiling a table for final calculations.

## **Мазмұны**

### Кіріспе

#### 1 Жер телімдерінің құнын анықтаудың теориялық негіздері

##### 1.1 Жерді бағалау түсінігі, мақсаты, мазмұны және қолдануы

##### 1.2 Қазақстан Республикасында кадастрлық бағалауды орындау

##### 1.3 Жер кадастрын жүргізу және жерді бағалау жұмыстары

##### 1.4 Қалалық жерді бағалаудың әдістемелік негіздері

#### 2 Алматы облысы бойынша жердің қазіргі жағдайы, сапасын бағалау және топтастыру

##### 2.1 ҚР және Алматы облысының әкімшілік-аумақтық құрылысы

##### 2.2 Жерлерді аудандастыруды сұлбасын рәсімдеу, келістіру және бекіту

### **ҚОРЫТЫНДЫ**

## КІРІСПЕ

Материалды игіліктерді құруда жер маңызды орынды алады. Ол байлық көзі және қоғамдық өндірістің материалды негізі болып табылады. Жерді табиғи ресурс және өндіріс құралы ретінде пайдалану кезінде сандық және сапалық көрсеткіштермен сипатталады. Жердің сапасы табиғат факторлары мен шарттарынан басқа, экономикалық шарттарға да байланысты, сондықтан жерді өндіріс құралы ретінде бағалау қажеттілігі туындайды.

Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес жер мемлекеттік меншікке тиесілі. Заңмен орнатылған негіздерде, шарттар мен шекараларда жер жеке меншікке де тиесілі болады. Заңға сәйкес меншік иесі жерді келіскен баға бойынша сатуға, жер телімін шаруашылық серіктестіктің қорына салым ретінде салуға, кепілдікке беруге, сыйға тартуға және мұрагерлікке қалдыруға құқығы бар. Жерді пайдаланудың құқығы азаматтық-құқықтық актілердің негізінде беріледі. Яғни жерді пайдалану құқығына қатысты қабылданған заңдар оларды нарықтық қатынасқа енгізуге мүмкіндіктерін кеңейтті.

Сондықтан, әрбір жер телімі бағалануы тиіс, себебі бір жағынан жер жылжымайтын мүлікке теңестірілді, ал басқа жағынан жер телімдері капитал болып барады, егер құнарлылықты жоғарылатуға қаржылық, материалды және еңбек салымдарын салып дұрыс және мұқият қолданатын болса, оның құны жоғарылайды.

Жердің құны салық салуға, жалға алу төлемін орнатуда негіздеме болып саналады, бюджеттің кіріс бөліктерінің маңызды бөлігі және әрбір адамның қызығушылықтарына әсер етеді. Осы жағдайларда қазіргі уақытта Қазақстанда жерді бағалаудың халық шаруашылық және әлеуметтік маңыздылығы ескеріледі.

Жердің құнын нақты бағалау шарты салық салудың тиімді жүйесінің сыни элементі, негіздемесі болып табылады, және әрбір жер иесі салықтардың әділ үлесін төлеуіне кепілдік береді. Жердің құнын дұрыс бағалау арқылы мемлекеттік және жеке секторда жерді пайдалану саласында шешімдерді дұрыс қабылдауға әсер етеді.

Бағалау мен оның дәлдігін орнату мақсатында, мемлекеттік қадарстрдың тиімді жүйесі болуы қажет, ол барлық жер меншігі мен онда орналасқан барлық құрылыстарды сәйкестендіруге, сипаттау мен бағалауға мүмкіндік береді. Бұл міндеттер үшін ең алдымен, жер телімдерінің шекаралары мен аудандарын дәл анықтайтын кадастр карталарының толық жиынтығы қажет, ал екіншіден, жер телімдері туралы мәліметтерді мұқият түгендеуді, сонымен қатар, орналасуы, тиесілі болуы, топтасуы мен

мақсатына сәйкес пайдаланылуы, өлшемі, пішіні мен басқа сипаттамалары қажет етіледі.

Жер телімдерінің кадастрлық бағалау құнын анықтаудың негізі ретінде жер құнының қалыпты көрсеткіші – базалық мөлшерлемесі саналады.

Жер телімдері үшін базалық мөлшерлеме төлемі – жердің берілген экономикалық жағдайларда жер рентасының орташа шамасын білдіретін қалыпты бағасы.

Бұл жағдайлардың динамикасына байланысты базалық мөлшерлеме өзгеруі мүмкін. Елді мекеннің инфрақұрылымына меншікті шығындар бойынша орнатылған жер салығын капиталдандыру негізінде базалық мөлшерлемелер анықталғанын ескеру қажет.

Соның нәтижесінде, Қазақстанда жер төлемдерінің өлшемдерін түсіру қалыптасқан. Себеп – базалық мөлшерлеме төмен болғандықтан жер телімдерінің кадастрлық құнының төмендігі. Осыған байланысты жер салығынан жергілікті бюджетке түсетін түсімдердің меншікті салмағы азғантай. Мысалы, Астанада ол шамамен 2% құрайды. Салыстыру үшін, нарықтық елдерде бюджетке жерден түсімдер 30% дейін көлемді құрайтынын ескеру қажет.

Осының барлығы жер төлемдерінің заманауи қаржылық жүйесін құруда және кредиттік-қаржылық қатынастарда, сонымен қатар жергілікті бюджеттік құрылуына әсер етеді және жылжымайтын мүлік нарығының дамуын тежейді. Сондықтан жерге негізгі (нормативті) төлем мөлшерлемесін нақтылаудың объективті қажеттілігі пайда болды.

Бұл мәселе соңғы жылдары қаланың дамуына салымдардың жоғарылауына байланысты аса өзекті бола бастады. Тұрғын үй құрылысы айтарлықтай кеңейді, қаланың инфрақұрылымы түрлендіріледі, заманауи және жаңа заманауи ғимарттардың құрылысы жүргізіліп жатыр.

Осының барлығы жылжымайтын мүлік нарығы үшін жақсы жағдайлар орнатады.

# **1 Жер телімдерінің құнын анықтаудың теориялық негіздері**

## **1.1 Жерді бағалау түсінігі, мақсаты, мазмұны және қолдануы**

Жер Қазақстан Республикасында табиғи ресурс, жылжымайтын мүлік объекті және өндірістің негізгі құралы ретінде құны бағалануы тиіс.

Баға – жылжымайтын мүлік объектінің немесе оған кез-келген қызығушылығының есептік немесе сараптама құны, оны жылжымайтын мүлікті бағалау мен талдау бойынша маман, уәкілетті тұлға орнатады.

Бағалау процессі – бағаны алу үшін пайдаланылатын іс-шаралардың белгілі реті.

Жер телімін бағалау процессіне келесі кезеңдер кіреді:

1 Кезең. Бағалау міндетін анықтау;

2 Кезең. Ақпаратты жинау, тексеру және талдау;

3 Кезең. Жер телімін ең тиімді пайдалану шарттарын талдау;

4 Кезең. Бағалаудың 3 тәсілі негізінде нарықтық құнын есептеу – шығындық, салыстырмалы және кірістік және алынған нәтижелерді үйлестіру.

5 Кезең. Бағалау туралы есепті дайындау.

Жылжымайтын мүлік объектісінің (жер телімі немесе жалға беру құқығы) құны деп бәсекелестік нарықта сату-сатып алудың ықтималды бағасын немесе осыған ұқсас басқа операцияларды (кепіл, сақтандыру т.б.) жүргізуді айтады.

Басқа бағалау жұмыстары (нарықтық немесе инвестициялық құнын анықтау, сатып алу бағасын, ипотека құнын анықтау т.б.) тәрізді жерді нормативті бағалау арқылы жер телімінің ақшалай құндылығы орнатылады. Нормативті бағаны анықтайтын әдіс шығынды қажет етеді және жылжымайтын мүліктің бәсекелессіз нарығында қолданылады. Нормативті бағалаудың нәтижесі – территориялық бағаны аудандастыру, әрбір бөлінген аймақ бойынша жердің аймақтық құнының көрсеткіштерін орнату және базалық мөлшерлемеге қатысты түзету коэффициенттері арқылы ескерілетін, жер телімінің жеке сипаттамаларын ескеріп оның кадастрлы құнын орнату.

Нарықтық құны – сатушы мен сатып алушы өздерінің қажеттіліктеріне сәйкес, дұрыс ақпарат игерген дәне төтенше жағдайларға кезікпеген, саналы және дұрыс әрекеттері кезінде бәсекелестік және ашық нарықта телімді сатудың ең ықтималды бағасы. Ол сатылымдарды сәйкестендіру әдісімен анықталады және бәсекелесті нарықта құрылады, онда оған пайдалылық,

иеліктен шығару, сұраныс, тапшылық, өтімділік тәрізді факторлар ең көп әсер етеді. Нарықтық құнының құрамында нарықтың бәсекелессіз жағдайын білдіретін нормативті бағаның бір бөлігі болады. Нарықтың қолайлы шарттарында бәсекелестік орта құрылған кезде нарықтық құны нормативті бағадан жоғары болып келеді. Және керісінше, қолайсыз нарықтық конъюнктура жағдайларында нарықтық құны нормативті бағадан төмен болуы мүмкін.

Жер өндірістің факторы болып табылады, оның көлемі қатаң шектеулі, соған байланысты жердің ұсынысы икемді емес.

Сондықтан, рента түріндегі өзіндік кіріс пайда болады, ол шектелген ресурсты пайдалану үшін төлемді білдіреді.

Жер рентасының кірісі жоғары және келесі факторлар арқылы пайда болады:

- көлік пен байланысқа шығындарды қысқартатындай жер телімдерінің қолжетімдігі;
- аумақты жабдықтауға салынатын қосымша капитал салымдарының тиімділігі;
- жеке жер телімдерін мақсатқа сәйкес пайдаланудың әсері;
- аумақтың бірегейлігінен олардың шектелуі.

Рентаның құрылуына әсер ететін факторлардың көп болуынан жердің нақты құны тек еркін (ашық) нарықта орнатылатынына алып келеді, бірақ жылжымайтын жер мүлігінің жұмыс жасауы әрқашан шектеулі болады: монополиялықтан, немесе монополиялық бәсекелестіктен. Осылай шектелгіндектен, рентаның алғашқы (нормативті) көрсеткішінің қажеттігі туындайды, себебі жүзеге асырылған сатылымдарды сәйкестендіру арқылы, сәйкесінше түзетулер енгізіп, жердің нарықтық құнын нақтылау қажет.

Жер рентасының шамасы ұсыныстың өзгеруімен байланысты емес және кәсіпкерлер тарапынан жер телімдеріне динамикалық сұраныс арқылы анықталады. Сондықтан жер рентасының желісі экономикалық – психологиялық болып келеді. Рента – берілген әлеуметтік-экономикалық жағдайларда, нақты шаруашылық күтілімдерге сәйкес кәсіпкерлердің төлеуге келіскен бағасы.

Жердің (рентаның) нарықтық құнының икемсіз ұсынысы кезінде құрылатын сұраныстан басқа, жердің бағасы (берілген мезетте ұсыныс бағасының тұрақтылығына қарамастан) жер телімінің орналасуы мен оның физикалық сипаттамаларынан тәуелді, олар сұраныстың нарықтық бағасына сәйкесінше түзетуші коэффициенттерді енгізу арқылы ескеріледі. Осы коэффициенттер сұраныстың бағасымен байланысты, себебі олар жердің шектеулі ресурс ретінде, басқа жағдайларда қайталанбайтын және нарықтық



конъюнктурадан тәуелсіз болуы тәрізді бірегей сипаттамаларын ескереді. Осыған байланысты, коэффициенттерді енгізгеннен кейін жердің бағасын теңгерілген деп есептеуге болады, себебі ол сұраныс пен ұсыныстың теңдей ескерілуін көрсетеді. Осы кезде жеке өндірушілердің ренталық сатылымдары ретінде жер телімдерін басқаша пайдалануды қарастырмайтын шығындар алынады. Сондықтан рентаның тек нарықтық құрылуы орын алмайды. Тіпті тұрғын үй нарығында пайда болатын дамыған жер нарығы болса да, рента бағаланатын объектінің ықтималдық шығындарының көрсеткіштері мен сатылымдарын сәйкестендіру әдісін қолдану арқылы анықталады.

Осыған сәйкес, жерді бағалайтын негізгі әдіс шығында қажет етеді және сатылымдарды сәйкестендіру мен кірісті әдістермен қатар қолданылады.

Жылжымайтын мүліктің (жақсартулардың) бағасы мен жердің бағасы тығыз байланысқан. Қоғамның көзқарасы бойынша, бұл екі категорияның байланысы соншалық, бұдан рента жерде құрылған жылжымайтын мүліктің бағасының салдары болып табылады. Бұл байланысты толығымен түсіндіру үшін, «шартты рента» түсінігі енгізіледі, оны өндірушінің (жылжымайтын мүліктің иесі) өзі орнатады. Өндірушінің өзі жердің иесі болған кезде орын алады. Бұл жағдайда, рента туралы айтсақ, белгілі бір шарттармен қатар ескеру қажет. Дегенмен, тиімділік стратегиясын анықтау үшін, кәсіпкер өзінің кірісі шартты рентаны өтейтініне көз жеткізуі қажет.

Рента да, жерге жұмсалатын төлем тәрізді жерге қажетті салымдардың тиімділігін анықтауда маңызды рөл атқарады, сондықтан жердің тегін болуы оның ысырапшылдыққа алып келеді. Сонымен қатар, рента түсінігінің заманауи экономикалық теориясы оны тек жермен емес, сондай-ақ өндірістегі капиталды қаражаттарды инвестициялау арқылы жерде құрылатын жылжымайтын мүлікпен берілген басқа да факторлармен байланыстырады. Бұл рента тәжірибеде жалға алу төлемімен көрсетіледі.

Осылай, жылжымайтын мүлікті пайдалану үшін жалға алу төлемін өндірістің барлық факторларының төлемі ретінде қарастырған кезде, өндіріс құралдарының бағасы өзіндік баға бірлігі болып саналады. Осы жолмен фирмаға қажетті бәсекелестікті қалыптастыра отырып, кәсіпкердің рентадан, жалақыдан, пайыз бен үстемақыдан жоғары болуын қамтамасыз ететін кірісін есептеуге мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, аталған әдіс арқылы рентаның жылжымайтын мүліктің құнының құрамындағы үлесін есептеуге мүмкіндік береді.

Жылжымайтын мүліктің құнының бастауы ретінде келесі ресурстардың кешені алынады: табиғи + адами + материалды + материалды емес + төлемдік. Жылжымайтын мүлікті құру барысында бұл ресурстар

жылжымайтын мүлік объекті түріндегі ақырғы өнімнің өндіріс факторлары болады: Жер (Ж) + еңбек (Е) + капитал (К) + ақпарат (А) + қаржы (Қ). егер ақырғы өнімді 100% деп алсақ, онда бұл өнімнің (жылжымайтын мүліктің) құрамындағы факторлардың үлесі әрқайсысы 20%-дан келеді, яғни: Ж (20%) + Е(20%) + К(20%) + А(20%) + Қ(20%) = 100%. Іс жүзінде, барлық экономикалық нәтиже табиғи сұрақтың айналасында шоғырланады: жеке аумақтар мен қаланың жылжымайтын жер мүлігін толықтай пайдалану мен дамыту кімнің қаражатына және қаншалықты тиімді жүргізіледі?

Қалалық жерге жеке меншікті енгізген кезде бұл міндеттің өзектілігі артады.

Экономикалық бағалаудың екінші міндеті – қаланың түрлі бағыттағы жердің құнының ренталық құрамдастарының шамасын (классикалық анықтамалар бойынша оны «квазирентті» деп атау дұрысырақ), яғни оларды пайдаланудан нақты немесе мүмкін болатын табысты анықтау. Бірқатар себептер бойынша, әсіресе нарықтық қатынастардың құрылуы мен дамуы, жалпы қаланың макро экономикалық мүдделері мен жеке кәсіпорындар мен азаматтардың мүдделерін бекіту кезеңінде, жердің белгілі түрлері мен кейбір аумақтары бойынша ренталық компоненттігі қала үшін теріс болуы мүмкін. Ең алдымен, ол тұрғын аумақтарын қамтитыны белгілі. Қала әлеуетін барынша тиімді пайдалану үшін, шығындардан, дотациялар мен жеңілдіктерден қайтарымды жоғарылату үшін мүмкін болатын басқару шешімдерін іздеу және негіздеу мәселесі жалпы қаланың экономикасына да, сондай-ақ оның тұрғындары үшін маңызды бөлек аумақтар, кәсіпорындар мен ұйымдарына да өте маңызды болып табылады.

Қызмет тұрғысынан түрлі бағытталған қалалық жердің құнының құрамындағы шығынның мөлшерін және олардың ренталық әлеуетін анықтау арқылы жерді пайдаланудың экономикалық нормативтерінің негізделген жүйесін құруға, және сәйкесінше, қаланың аумақтық – экономикалық аудандастырудың оңтайлы сызбасын құруға мүмкіндік береді.

Кадастрлы бағалау жүйесінің негізінде қалалық жылжымайтын жер мүлігінің құнының негізгі түрлерін анықтау арқылы жылжымайтын мүлікке салық салу және онымен жасалатын келісімшарттарға қажетті тәсілдерді құру мәселесін шешуге мүмкіндік туады.

## **1.2 Қазақстан Республикасында кадастрлық бағалауды орындау**

Жер кадастрын жүргізу кезеңдерінің бірін – яғни кадастрлық құнды анықтау бойынша жұмыстардың жүргізу міндеті еншілес мемлекеттік кәсіпорындарға бекітілген.

Мемлекеттік жер кадастры Агенттіктің мемлекеттік кәсіпорындарымен мамандандырылған, Қазақстан Республикасы үшін бірегей жүйе бойынша қағаз және электронды тасымалдаушыларда жүргізіледі. Бұл мәліметтер қаржылық кадастрды (жер төлемдерін, ипотека және басқа төлемдері есептеу) жүргізудің негіздемесі болып саналады, олар жерді пайдалану мен қорғауды мемлекеттік басқарубойынша жұмыстарды жүргізуге, жерді пайдалануды жобалау мен жоспарлауға және т.б. қызмет етеді.

Жерді мемлекеттік кадастрлық бағалау үшін, нарықтық бағалардың негізінде, және жылжымайтын мүлікті және бағаны аудандастыру әдістерінің негізінде «Елді мекенде (қалаларда) жерді кадастрлық бағалау әдістемесі» дайындалды. Бұл кезде, жалпы мемлекеттік ақпараттық ресурс болып табылатын АИС ГЗК мәліметтері қолданылады, бұл мәліметтер электронды Үкіметтің құрамды бөлігі және оған кіретін төрт жалпы мемлекеттік жүйелердің бөлігі ретінде сұранысқа ие. Оларға жатады: РНиОНҒ мекенжай регистрі, жылжымайтын мүлік тізілімімен табиғи ресурстар.

Нарықтық экономика жерді пайдалануға жаңа талаптар қояды. Нарықтық экономика жағдайларында жер телімдері жылжымайтын мүлік объектілеріне айналуға, яғни жылжымайтын мүліктің объекті ретінде жердің құны болуы тиіс. Жерді тегін пайдаланудан ақылы пайдалануға көшу жерге төлемдердің барлық түрлерін орнату, анықтау және дайындау шараларын қажет етеді. Оның негізгі формалары: жер салығы, жалға алу төлемі, жер теліміне құқық беру үшін төлем, ауыл шаруашылық бағыттағы жерді басқа мақсаттармен босату арқылы ауыл шаруашылығының шығынын өтеу нормативтері.

Жер телімінің барлық сипаттамаларын ескеретін, базалық мөлшерлемелер мен түзету коэффициенттерінің негізінде жер телімдерін кадастрлық (бағалау) құны аукциондарды жүргізген кезде бастапқы болып саналады.

Сонымен қатар, жерді тегін пайдаланудан ақылы пайдалануға өту мәселесі жерді жылжымайтын мүлік объекті ретінде бағасын анықтаудың заманауи әдістерін игеру және талдауды, жерді ақылы пайдаланудың Тұжырымдамасын дайындауды, ауылшаруашылық жерді, елді мекендердің жерін және бағалық аудандастыру мен ренталық әдіс негізінде жердің басқа категорияларының кадастрлық (бағалау) құнын анықтау үшін базалық мөлшерлемені (нормативті бағаны) есептеу әдістемесін дайындауды қажет етеді.

Бұл шарт экономикалық төлемдер жүйесі арқылы жер ресурстарын тиімді пайдалану әлеуеті үшін қажет, Қазақстанның әлеуметтік экономикалық даму жолында тұрақты өсуіне, оның жаңа деңгейге шығуына

әсер етеді және елдің индустриалды-инновациялық даму бағыттары мен жоспарланған шараларына сәйкес келеді.

### **1.3 Жер кадастрын жүргізу және жерді бағалау жұмыстары**

Жер ресурстарын басқару бойынша Қазақстан Республикасының Агенттігімен (ары қарай – Агенттік) жер кадастрының тұтас жүйесін құру бойынша, Қазақстан Республикасының Әділет Министрлігінің жылжымайтын мүлікті тіркеу орталықтарымен, Қаржы министрліктерімен (РНиОН) және басқа мемлекеттік басқару органдарымен жұмыстарды орындау және бақылау бойынша мақсатты жұмыс атқарылып жатыр. [3]

Жаңа мемлекеттік жер кадастрының құрылуы (ары қарай – Кадастрдың) Қазақстан Республикасы үшін бірегей жүйе бойынша Агенттіктің мемлекеттік кәсіпорындарымен мамандандырылған қағаз және электронды тасымалдаушылармен жүргізіледі.

Қазіргі кезде құқықтық және қаржылай кадастрлар үшін ақпаратты жер кадастрымен құрылады. Жер кадастрының құрамдас бөлігі - қаржылай кадастрды жүргізуге (жерге төлемдерді, ипотека және басқа төлемдерді есептеу т.б.) негізделген, жер телімінің кадастрлы құнын анықтау болып табылады.

Жерді мемлекеттік кадастрлық бағалау үшін, нарықтық бағалардың негізінде, және жылжымайтын мүлікті және бағаны аудандастыру әдістерінің негізінде «Елді мекенде (қалаларда) жерді кадастрлы бағалау әдістемесі» дайындалды.

Нарықтық экономика жерді пайдалануға жаңа талаптар қояды. Нарықтық экономика жағдайларында жер телімдері жылжымайтын мүлік объектілеріне айналуға, яғни жылжымайтын мүліктің объекті ретінде жердің құны болуы тиіс.

Жерді тегін пайдаланудан ақылы пайдалануға көшу жерге төлемдердің барлық түрлерін орнату, анықтау және дайындау шараларын қажет етеді. Оның негізгі формалары: жер салығы, жалға алу төлемі, жер теліміне құқық беру үшін төлем, ауыл шаруашылық бағыттағы жерді басқа мақсаттармен босату арқылы ауыл шаруашылығының шығынын өтеу нормативтері.

Республикада жерге салық салу жүйесі жетілдіруді қажет етеді.

Жер телімінің барлық сипаттамаларын ескеретін, базалық мөлшерлемелер мен түзету коэффициенттерінің негізінде жер телімдерін кадастрлық (бағалау) құны аукциондарды жүргізген кезде бастапқы болып саналады.

#### **1.4 Қалалық жерді бағалаудың әдістемелік негіздері**

Жерді бағалауда негізгі түсінік – орналасу түсінігі, яғни қалада аумақтың орналасуы, аумақта кварталдың орналасуы және кварталда жер телімінің орналасуы. Осыған тағы да аумақта қаланың орналасуы мен елдің ішінде аумақтың орналасуын қосуға болады; соңғы екі деңгей қаланың аумақтық рентасын құрайды.

Жер телімінің бағаланатын құны әлеуетті ренталық кіріс ретінде қарастырылады, ол ең нашар теліммен салыстырғандағы берілген телімнің артықшылықтарымен бірге ескеріледі. Бұл артықшылықтар телімнің жергілікті сипаттамалары ретінде де және оның қалада орналасу факторларымен де құралады. Орналасу ерекшеліктерінің әсерінен телімде орналасқан қызметтердің (сауда, тұрғын үй, өндіріс, бизнес т.б.), бір жағынан аумақпен, басқа жағынан, қаланың басқа элементтерімен өзара байланыс орнатылады.

Бұл байланыстардың ерекшеліктерінен берілген телімнің рентабельдігі анықталады. Бұл кезде өзара байланыстардың барлық аспектілері назарға алынады: аумақтың физикалық-географиялық және инженерлік-геологиялық сипаттамаларына байланысты құрылыстың қымбаттауы, қала тұрғындарының еңбек орындарымен, ғибадат объектілерімен және демалыс орындарымен байланыстары, қалада көлік қатынастарының жағдайлары (көше жолдарының желісінің сипаттамалары, қозғалысқа бөгеттердің жүйесі – өзендер, темір жолдары, бөлшектенген рельефтер т.б., қоғамдық көлік жүйесі), экологиялық ластану көздерінің орналасуы т.б. Мысалы, осындай өзара қатынастардан қаланың орталық көшелері мен көлік тораптарында халықтың үлкен ағымы пайда болады, осылай жақын маңдағы телімдерге сауда, қоғамдық тамақтану, банктер т.б. орналастыру үшін қолайлы шарттар туады.

Қаланың кез-келген орнында нақты бір телімнің құнына қаланың қызметтік-жоспарлы құрылымы толықтай әсер етеді, және берілген телімнің құнын бағалау үшін оның нақты және дәл есептелуі өте маңызды. Сонымен қатар, телімнің құны туралы мәселені оның құнын бағалайтын тұрғыдан ғана қарастырылады.

Қалада кварталдың орналасу (макро позиция факторлары) факторлары кварталда телімнің орналасу (мезо позициясы мен микро позиция факторлары) факторларынан айтарлықтай өзгеше, олардың өзгешелігі – біріншілері алдын ала аталып, саналады, әдістемелік жабдықтау құралдарымен модельденеді және компьютермен есептеледі, олардың нәтижелерін қаланың барлық кварталдары үшін қолданады. Екіншілері айтарлықтай өзгеше, бірегей, оларды есептеу және рәсімдеу қиындау. Осыған

орай, бағалаушылар бағалаудың екі деңгейлі жүйесін қалыптастырды, оған жаппай бағалау деңгейі және жеке бағалау деңгейі кіреді.

Жаппай бағалау деңгейі өте маңызды, оның мөлшері телімнің жалпы құнында жоғары. Жаппай бағалауды аясында алынған квартал аумағын бағалау ретінде алынады квартал жерін негізгі бағалау алынады.

Жер телімін жеке бағалау жұмыстарына микро позиция факторларын ескеріп, негізгі бағалауды түзету жұмыстары, мысалы телімнің өлшемдері мен құрылымы, жақын маңдағы құрылыстардың сипаты, көршілер т.б. кіреді. Жоғарылатушы және төмендетуші коэффициенттерін факторлық бағалау бойынша сараптау арқылы түзету жұмыстары орындалады.

Осылай, әдістемелік жағынан қаланың толықтай аумағын немесе оның үлкен бөлігін жаппай бағалау жұмыстары үлкен қызығушылық тудырады, оның алдында жеке бағалау және жаппай бағалауды жүргізетін мамандармен жүргізіледі.

Жеке бағалау жұмыстары жаппай бағалаудан кейін және соның негізінде жүргізіледі. Оның барысында әрбір телімді жеке бағалайтын бағалаушы мамандар қатысады (ірі қалада осындай ондаған мың телімдер болуы мүмкін). Квартал жерінің құнына әсер ететін жалпы қалалық факторларды анықтау, бұл факторлардың әсерінен жердің құнын бөлу сипатын түсіну, қаланың түрлі аумақтарын бағалау шамаларын сәйкестендіру арқылы бағалаудың нәтижелерінің дұрыс болуын немесе қарама қарсы келуі туралы шешім қабылдауға болады. Кейбір жағдайларда жаппай бағалау жұмыстары кварталдар бойынша да, сонымен қатар кварталдардың тобы бойынша жүргізіледі, осыған сәйкес бағалаудың нәтижесі қатаң болуы мүмкін.

Қала жерлерінің құнын анықтау жұмыстары қала құрылысын жобалауға және жер кадастрына да маңызды. Бұл мақсаттар үшін пайдаланатын бағалау жұмыстарында белгілі бір ерекшеліктері бар, бұл жерде бір құбылыстарды және факторларды бағалауға қатысты, және әдістемелік және модельдік құралдарды пайдалану мүмкіндігі бар. Аумақты қаланың құрылысына қатысты бағалау жұмыстары жоғарыда аталған факторларды біріктіру бойынша жүргізіледі.

Факторлық картографиялық және кестелік материалдардың біріктіру жұмыстарын көп жағдайда елді мекен құрылысының кешені деп атайды. Бұл атау нақты емес. Бағалау түсінігін және қала аумағын сипаттайтын жиынтық көрсеткішімен байланыстырған дұрысырақ. Қала құрылысының және жер-кадастрлық бағалау жүйелерінің ұқсастығы – екі жағдайда да қалалық жердің құны бағалы, соңғысы аталған факторламен және бірегей әдістемелік әдістің мүмкіндігімен анықталады.

Ең басты ерекшелігі – қала құрылысын бағалау жұмыстары құрылысқа жұмсалатын шығындардың және қаланың қызметтерінің шығындарының тұрғысынан жүргізіледі, және игеру мен пайдалану кезінде ең аз шығындар мен жұмсалымдарды қажет ететін қалалық жердің құны бағалы.

Жер-кадастрлық бағалау жұмыстарының сипаты түбегейлі ренталы болып келеді, және игеру мен пайдалану кезінде ең аз шығындар мен жұмсалымдарды қажет ететін қалалық жердің құны бағалы. Осыған орай, қаланың құрылысын бағалау кезінде белгілі бір түрлендірулерді орындау арқылы жер-кадастрлық бағалауды алуға болады.

Жерді бағалау әдістерін талдау жұмыстары бағалаудың мақсаттары мен түрлерін анықтаумен байланысқан. Бағаны жеке және жаппай (кадастрлық) бағалауға бөлу жұмыстары маңызды рөл атқарады. Жеке бағалау жұмыстары нақты жер теліміне ғана қатысты. Бағалаудың мақсаттарына байланысты ол белгілі бір жағдайға қатысты (яғни телімді қызметіне сәйкес пайдаланған кезде және қызметтік-жоспарлау жағдайында) немесе келешегін ескеру арқылы жүргізілуі мүмкін.

Жерге немесе жылжымайтын мүлікке салық салу базасын және жерді жалға алу мөлшерлемесін анықтау мақсатында бағалау жүргізіледі. Кәсіпорынның инвестициялық жобасы мен дамуын жоспарлау мақсатында келешегін ескеру арқылы бағалау орындалады. Қаланың басты жоспарлы шешімдеріне және аймақты жоспарлау жобаларына сәйкес, сонымен қатар ірі объектілердің құрылысын аяқтау мерзімдеріне сәйкес, мысалы метрополитеннің жаңа телімдері мен бекеттері, ірі тұрғын массивтері, сауда объектілері т.б. сәйкес жалпы қалалық және қызметтік-жоспарлау жағдайының күтілетін өзгерістерінің аясында жоспарлы шешімдердің нұсқалары қарастырылады.

Қазіргі жағдайға сәйкес жеке бағалау кезінде сәйкесінше әдістер қолданылады, мысалы сатылым статистикасын талдау (жер үшін қалдық әдісі мен регрессиялық әдістерді қоса), шығынды әдіс және т.б. Келешекті ескеруге сәйкес жеке бағалау кезінде, кіріс әдісі және онымен бірге қолданылатын дисконтты есептеулердің біріккен әдісі қолданылады, сонымен қатар екі жағдайда да қолданылатын ұқсастықтар әдісі қолданылады. Ұқсастық әдісінде жер телімінің микро позициясының факторлары ескеріледі: оның өлшемдері, құрылымы, кварталда орналасуы, жақын көршілес орналасуы және берілген телімді қолдануға қажетті қызметтің тұрғысынан маңызды факторлар.

Қарастырылып отырған функцияның ерекше, жеке сипаты бар және негізгі функцияға қарағанда толықтай сипатталады. Мысалы, «Қоғамдық тамақтану» негізгі функциясы белгілі бір жағдайда 10 орынға арналған

ұлттық тағамдар ресторанына айналуы мүмкін. Ұқсастық әдісін қолданған кезде макро позиция факторларын есептеу, яғни берілген кварталдың қалада орналасуын есептеу ең қиын болып саналады. Бұл факторлардың қалалық жердің құнына әсерін есептеу үшін макро позицияның факторларын математикалық модельдеуге негізделген және қалалық жерді кварталды жаппай бағалау үшін дайындалатын компьютерлік бағдарламаларға негізделген арнайы әдістемелік және құралдық жабдықтар қолданылуы тиіс.

Жер телімінің құны микро позицияны есептеп, кварталдың жерлерінің құнын түзету арқылы анықталады. Қалалық жерді жаппай бағалау жұмыстары негізінен кадастрлық мақсаттарда жүргізіледі, бұл кезде қалада жер кадастрының жүйесі құрылады, оған екі негізгі ішкі жүйелер кіреді: есептеу және тіркеу ішкі жүйесі және қалалық жерді бағалау ішкі жүйесі.

Қалалық жерді кадастрлық бағалау жұмыстары үш иерархиялық деңгейден тұрады. Кварталды бағалау – негізгі есептеуші деңгей, ол жерді теліммен есептеу үшін нормативті база ретінде қарастырылады және жалпылау бойынша аумақтық-экономикалық аудандастыру бағытына өзгереді, ал нақтылау бойынша – жер телімдерін бағалау бағытына өзгереді.

Телім бойынша бағалау – төменгі деңгей, ол жылжымайтын мүлікке салық салу мен жалға алу төлемдерінің мөлшерлемесінің жүйесін ақпараттық жабдықтау үшін, жер нарығын, бағалы жер қағаздарының және ипотеканың нарығын ақпараттық сақтау үшін арналған және квартал бойынша негізгі бағалау негізінде жүргізіледі [8].

Аумақтық-экономикалық аудандастыру – жоғарғы деңгей, ол көрнекі, шолуға ыңғайлы және ірі масштабты, ұзақ мерзімді немесе іздеу шешімдерін қабылдайтын кадастрлық ақпараттың барлық тұтынушыларына арналған. Салық салу – жер кадастрларының басты қозғаушысы болса да, жерді бағалаудың негізгі мақсатына жатпайды.

Қазіргі қоғамда жерді жаппай бағалау жұмыстары қолданылатын себептер: аумақты қызметіне қарай пайдаланудың тиімділігін бағалауға, қаланың басты жоспарын жобалап құрастыру кезінде есептеу жұмыстарына және жалпы қалалық ірі масштабты шараларды жоспарлаған кезде; көптеген қызығушылығы бар тұлғалардың иелігіндегі жылжымайтын мүлікке қатысты құқығы мен міндеттерін орындауға және жылжымайтын мүлікпен жоспарланған келісімшарттарды жасау үшін қалалық жерлердің құны туралы ақпараттандыруға қажет.

Көптеген қолданыстағы әдістемелерде өлшейтін және түзетуші коэффициенттердің көмегімен, жерді бағалауға әсер ететін факторлардың баллдық көрсеткіштегі шамалары әр түрлі көрсетілген. Осы әдістің негізгі кемшілігі – оның субъективтілігі, себебі бағалау факторларының



шамаларының баллмен берілген шамалары авторлардың сараптауымен ұсынылған. Әрине, сарапшы бағаларынан толығымен тәуелсіз әдістемелер жоқ, бірақ есептеу кезінде олардың рөлін азайту, сараптап бағаланатын параметрлердің санын азайту ұсынылады. Ол үшін, факторлар ең объективті және табиғи формада – бағалық көрсеткішпен берілуі тиіс, себебі ақша – барлығына тән жалғыз эквивалент.

Жоғарыда аталғандай, бағаланатын аумақтық элементтің қай функцияларда қолданылады, сол функцияларға сәйкес бағалау жұмыстары жүргізілуі тиіс. Бірақ кейбір әдістемелерде бұл шарт орындалмайды. Аумақтық-экономикалық аудандастыру сұлбасы бойынша жүргізілетін бағалау жұмыстары қандай да бір мақсатсыз, яғни оны қолданылуы мүмкін болатын аумақсыз жүргізіледі. Ал кейбір әдістемелерде жоғарыда аталған шарт орындалады, сол әдістеменің белгілі әдістерінің негізіне қойылған.

Кейбір жағдайларда, бағалауға қажетті факторлардың қатарына бағаланатын аумақтың шекарасында орналасқан инженерлік инфрақұрылымының элементтеріне салымдар жатады («жабық капитал»): бұндай элементтердің бағасы неғұрлым жоғары болса, соғұрлым жердің де құны жоғары болады. Бұндай әдістің үлкен қарама-қайшылықтары мен бөгеттері бар. Біріншіден, белгілі телім бойымен транзиттік магистралды желілер өткенінен жердің құны жоғарыламайды, себебі сол телімдегі құрылысты күрделендіреді. Екіншіден, телімдегі орналасқан жергілікті (тарату) желілері мүлік салушыға толығымен қажет болмауы мүмкін, яғни: ол өзінің қызметтерін ғана жабдықтайтын желілерге ғана төлейді. Басқа да үлкен қиындықтар бар. Көпшілігінің ойынша, оларды шешу үшін инженерлік желілердің сызықты және тораптық элементтерінің әсер ету аймағын есептеу қажет деп санайды.

Бірақ, бұл әдіс тиімсіз, себебі еңбек салымы тым жоғары және қымбат. Сонымен қатар, ол принципіалды тұрғыдан дұрыс емес. Инженерлік инфрақұрылым – қаланың тіршілігін қамтамасыз ету жүйесінің маңызды элементтерінің бірі.

